

## Жаңақала ауданы бойынша салық ставкаларын және біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2011 жылғы 14 маусымдағы № 28-6 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 15 шілдеде № 7-5-132 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 6-9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жаңақала аудандық мәслихатының 21.01.2013 № 6-9 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексіне және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес аудандық мәслихат

### **Ш Е Ш І М**

### **Е Т Т І :**

1. Базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қызметін дүркін-дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандардың қызмет түрлерінің бір жолғы талондарының құны 2 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Жерлерді өңірлерге бөлу жобалары (схемалары) негізінде жер салығының ставкаларын Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 378, 379, 381, 383 баптарында белгіленген жер салығының базалық ставкалары 50 процентке жоғарылатылсын.

4. Бірыңғай тіркелген салық ставкалары 3 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың бюджет, экономика, аграрлық саясат және экология жөніндегі тұрақты

комиссиясына

жүктелсін.

6. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

С. Ғұбашев

Аудандық мәслихат хатшысы Р. Саматов

Аудандық

мәслихатының

2011

жылғы

14

маусымдағы

№ 28-6 шешіміне 1-қосымша

**Базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондардың құны**

N	Қызмет түрлері	Жаңақала ауылы (теңге)	Басқа ауылдар (теңге)
I	Азық-түлік тауарларын сату, оның ішінде:		
	жабдықталған орындағы сауда	75	75
	жабдықталмаған орындағы сауда	50	50
	жүк көліктен сату	400	400
	жеңіл көліктен сату	200	200
II	Өнеркәсіп тауарлары, оның ішінде:		
	жабдықталған орындағы сауда	100	100
	жабдықталмаған орындағы сауда	75	75
	жүк көліктен сату	400	400
	жеңіл көліктен сату	200	200

Аудандық

мәслихатының

2011

жылғы

14

маусымдағы

№ 28-6 шешіміне 2-қосымша

**Қызметін дүркін-дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандардың қызмет түрлерінің бір жолғы талондарының құны**

--	--	--	--

N	Қызмет түрлері	Жаңақала ауылы (теңге)	Басқа ауылдар (теңге)
1	Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):		
	1) газеттер мен журналдар	15	15
	2) тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет), бақша дақылдары	50	50
	3) саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер;	75	75
	4) қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдері	100	100
	5) жануарлар мен құстардың жемдері. сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидегі, бал, саңырауқұлақтар және балық	50	50
2	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің қызмет көрсетуі	150	150
3	Үй жануарлары мен құстарын бағу	80	80

А у д а н д ы қ

М Ә С Л И Х А Т Ы Н Ы Ң

2 0 1 1

Ж Ы Л Ы

1 4

М а у с ы м д а ғ ы

№ 28-6 шешіміне 3-қосымша

### **Бірыңғай тіркелген салық ставкалары**

N	Салық салу объектісінің атауы	Салық салу объектісінің бірлігі	Айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың базалық ставкалары (АЕК)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	Бір ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	Бір ойын автоматы	1
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	Бір компьютер	1
4	Ойын жолы	Бір ойын жолы	5
5	Карт	карт	2
6	Бильярд үстелі	Бір ойын үстелі	3